



ЕРЕЖЕ

**«Экономика, басқару және қаржы: қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайында
перспективалық бағыттар және бәсекелестік даму»
тақырыбында экономикалық мамандықтар бойынша студенттік ғылыми
жұмыстардың Халықаралық байқауы туралы.**

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Осы Ереже экономика бойынша студенттердің ғылыми жұмыстарының Халықаралық байқауын ұйымдастыру мен өткізудің жалпы тәртібін анықтайды;
- 1.2 Байқауды өткізу тәртібін Ұйымдастыру комитеті – Торайғыров университеттің "Қаржы және есеп" кафедрасы белгілейді және реттейді;
- 1.3 Байқауды жалпы әдістемелік, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етуді Ұйымдастыру комитетінің Жұмыс тобы жүзеге асырады.

2 ПӘН, МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

- 2.1 Байқаудың пәні студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын тілдері;
- 2.2 Байқаудың мақсаты студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін жандандыру және қарқындыру, академиялық процестің сапасы мен көпвекторлығын арттыру болып табылады;
- 2.3 Байқаудың мақсаты келесі міндеттерге қол жеткізуді көздейді:
- Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары мен Достастық елдері университеттерінің академиялық және ғылыми қызметін интеграциялау, кәсіби және іскерлік, оның ішінде студенттер арасында қарым-қатынас орнату;
 - университеттердің оқу және ғылыми қызметін кезең-кезеңмен және қарқынды жетілдіру;
 - дарынды студенттерді кейіннен магистратураға түсуге ұсынымдарымен анықтау;
 - ғылым мен тәжірибедегі әлемдік тенденцияларды ескере отырып, экономиканың дамуының заманауи тенденциялары саласында студенттердің білім деңгейін арттыру;
 - Қазақстанда және Достастық елдерінде бәсекеге қабілетті және инновациялық нарықтық ортаны дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде үздіксіз экономикалық білім беру туралы серпінді оң қоғамдық пікірді қалыптастыру.

3 БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 3.1, Байқауға 2-ші, 3-ші және 4-ші курстардың экономикалық мамандықтары бойынша оқитын жоғары оқу орындарының студенттері жіберіледі;
- 3.2 Студенттер жетекші бейінді кафедра аға оқытушысының, доцентінің, профессорының басшылығымен саны 2-ден 3 адамға дейінгі топ құрамында ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындайды;
- 3.3 Кандидатураларды ұсыну құқығын жоғары оқу орындары дербес белгілейді.

4 БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Ғылыми байқау жыл сайын (жылына бір рет) өткізіледі;

4.2 Байқау сырттай екі кезеңде өткізіледі:

- бірінші кезең - ғылыми-зерттеу жұмысын әзірлеу, дайындау;

- екінші кезең - ұйымдастыру комитетіне конкурстық құжаттаманы ұсыну, конкурстық комиссияның жұмысы (орындау мерзімі 2023 жылдың 10 сәуіріне дейін);

4.3 Байқау жеңімпаздарын таңдаудың барынша объективтілігіне қол жеткізу мақсатында ұйымдастыру комитеті бейінді кафедраның жетекші оқытушылары қатарынан қазылар алқасын қалыптастырады. Қазылар алқасы балдық-рейтингтік жүйе негізінде жобаларды бағалау критерийлерінің жүйесін әзірлейді;

4.4 Байқауға қатысушыларға конкурстық құжаттаманы қабылдаудан бас тартылуы мүмкін, егер:

- құжаттарды уақтылы ұсынбау;

- конкурстық құжаттаманың мазмұны және ресімделуі бойынша талаптарға сәйкес келмеуі.

5 ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

5.1 Байқау нәтижелері бойынша келесі бағыттар бойынша қорытындылар шығарылады:

- «Гран-при» - бір команда;

- «1-орын» - бір команда;

- «2-орын» - үш команда;

- «3-орын» - төрт команда.

5.2 Барлық қатысушы командалар арасында балл сомасы ең жоғары болып табылатын жоғары оқу орнының командасы командалық есепте жеңімпаз болып танылады. Республикалық кезеңнің қорытындысын шығару кезінде қазылар алқасы командалық есепте номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды;

5.3 Жеңімпаздар мен номинация иегерлері Торайғыров университетінің ректоры қол қойған дипломдар мен сертификаттарды алады.

6 КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

6.1 Ұйымдастыру комитетіне мынадай құжаттардың тізбесін қамтитын конкурстық құжаттама ұсынылады:

- конкурсқа қатысуға өтінім (А қосымшасында келтірілген);

- жеке куәліктің көшірмесі/паспорт.

- әрбір қатысушының оқу орнынан анықтама;

- ғылыми басшының пікірі (пікірге ғылыми басшы өз қолымен қол қоюы тиіс) (Б қосымшасында келтірілген);

- қағаз және электрондық тасығыштағы талаптарға сәйкес ресімделген команданың ғылыми жұмысы;

- Microsoft PowerPoint бағдарламасының көмегімен құрастырылған ғылыми жұмыстың компьютерлік презентациясы.

6.2 Ғылыми жобаның тақырыбы бағыттарға сәйкес келуге тиіс;

6.3 Ғылыми жобаны ресімдеуге қойылатын талаптар:

- Times New Roman немесе KZ Times New Roman қаріптері;

- жоларалық интервал -1;

- таңба өлшемі - 12 pt,

- өрістердің өлшемдері: жоғарғы - 2 см, төменгі - 2 см, сол - 3 см, оң - 1 см;

- абзацтың шегінісі - 1,25 см;
- парақ форматы - А4.

Мәтінді, кестелерді және суреттерді ресімдеу «Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар» МЕМСТ 2.105-95 сәйкес жүргізіледі. Жұмыс көлемі 30 беттен аспауы тиіс (қосымшаларды есепке алмағанда).

6.4 Ғылыми жұмыста келесі бөлімдер көрсетілуі керек:

- титулдық парақ (жоғары оқу орнының атауы, жобаның атауы, жобаны орындаушылар, ғылыми жетекші, қала, жылы) (В қосымшасында келтірілген);
- мазмұны;
- үш тілдегі аннотация (тақырыптың өзектілігі; зерттеу нысаны мен пәні; ғылыми жұмыстың мақсаттары мен міндеттері; зерттеу әдістері; ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері – ғылыми және тәжірибелік жаңалық);
- кіріспе;
- негізгі бөлімдер;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымша.

6.4 Конкурстық құжаттама мына мекенжай бойынша ұсынылады:

140008, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64, Торайғыров университеті, «Қаржы және есеп» кафедрасы, 519-кабинет немесе E-mail: konkurs_fef-fin_psu@mail.ru

7 БАЙҚАУДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

7.1 Конкурстық құжаттаманы дайындау жөніндегі барлық ұйымдастыру шығыстары байқауға қатысушылар тарапынан қаржыландырылады;

7.2 Барлық ұйымдастыру шығыстарын (дипломдар, грамоталар дайындау, кеңсе керек-жарақтарына арналған шығыстар, өзге де шығыстар) Торайғыров университеті қаржыландырады.

А қосымшасы
(міндетті)
Конкурсқа қатысуға өтінімнің нысаны

ӨТІНІМ

**«Экономика, басқару және қаржы: қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайында
перспективалық бағыттар және бәсекелестік даму»
тақырыбында экономикалық мамандықтар бойынша студенттік ғылыми
жұмыстардың халықаралық байқауына қатысуға.**

Мен (Біз), төменде қол қойған «Экономика, басқару және қаржы: қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайында перспективалық бағыттар және бәсекелестік даму» тақырыбында экономикалық мамандықтар бойынша студенттік ғылыми жұмыстардың халықаралық конкурсы туралы ережемен танысқан мені (бізді) байқауға қатысуға жіберуді сұраймын (-мыз). Өзім туралы мыналарды хабарлаймын:

1	Ғылыми жұмыстың атауы	
2	Жұмыс авторы туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты)	
3	Автор оқитын оқу орнының атауы	
4	Топ	
5	Жұмыс авторының байланыс телефоны	
	<i>Егер ғылыми жұмысты бірнеше авторлар орындаса, 1-5-тармақтарға сәйкес басқа авторлар туралы мәліметтер қосымша беріледі.</i>	
	...	
6	Ғылыми жетекші туралы мәліметтер:	
	- Тегі, Аты, Әкесінің аты	
	- ғылыми дәрежесі мен атағы (бар болса)	
	- лауазымы	
7	Өтінімді толтыру күні	

Б қосымшасы
(міндетті)
Ғылыми жетекшінің пікірі

ШКІР

Топ студентінің (-терінің), білім беру бағдарламасының (шифры, атауы) «Тақырып атауы» тақырыбында ғылыми жұмысқа (студенттің (-тердің) Т.А.Ә).

Мәтін... мәтін... мәтін...

Ғылыми жетекші *Ғылыми жетекшісінің ТАӘ*

В қосымшасы
(міндетті)
Ғылыми жұмыстың титулдық парағының нысаны

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Торайғыров университеті

"Қаржы және есеп" кафедрасы

ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫС

« _____ атауы _____ »

Авторы:

(Аты-жөні,
топ нөмірі)

(Аты-жөні,
топ нөмірі)

Ғылыми жетекші

(Аты-жөні, ғылыми немесе
академиялық дәрежесі,
лауазымы)

Павлодар 20__